



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАРЫСЫНДА БОТАЙ МӘДЕНИЕТІНЕ ТАРИХИ ШОЛУ

Мукашева Айгана Мекенбаевна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн» кафедрасының магистранты

tam_q@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Еспенбетов Б.Ж.

Бүгінгі таңда дүниежүзілік жаһандану үрдісінде адамзат қоғамының қарқынды дамуына инновациялық технологилардың түрлі салаларда кеңінен қолдануы зор ықпал етуде. Жаһандану дәуіріндегі осы құбылыстар біздің еліміздің көптеген салаларына ықпал етуде.

Дизайн саласында, оның ішінде архитектуралық орта дизайндағы болып жатқан тың өзгерістер, өзінің кәсіби тарихи жолын және одан әрі болашақ дамуында талдау мен сарапшылықты қажет етеді.

Біздің еліміздің тарихы бай, әлемдік орны ерекше мемлекет. Менделеев кестесіндегі белгілі барлық дерлік элемент түрлері еліміздің ұлан-ғайыр байтақ жерінде кездесетіні бәріне белгілі

Ботай мәдениеті – энеолит дәуірінде Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Никольское ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Ботай қоныстарына байланысты аталған.

Ботай ескерткішіне 1981-1983 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан университетінің археологиялық экспедициясы профессор Виктор Зайберттің жетекшілігімен қазба жұмыстарын жүргізген. Ауданы 15 гектар жерді алып жатқан қоныстан 158 үйдің орны қазылып аршылған. Кейбіреулерінде 30-ға тарта үйлер болған.

Сәулетшілерді бұзылған тұрғын-жайлардан қалған ойпаттар қызықтырған. Ғалымдарды табылған ат сүйектерінің көптігі таң қалдырған. Жұмысқа аңдар сүйегін зерттейтін ғалым-остеологтар шақырылды.

Олар ауқымды істер атқарды. 133 мыңдай жылқы сүйектері зерттелді. Нәтижесінде анықталғаны, Ботай аттары бұрынғыда белгілі жылқылар түріне жатпайтын боп шықты. Ботай аттарының сүйегі өзге де ежелгі аттар сүйегінен ерекшеленіп тұрды. Ғалымдар бірауыздан ботай аттарының қолға үйретілген деген пікірді ұстанды. Олар далада жүрген жабайы жануар еместігін айтады.

Жылқылар үй шаруасында, аң аулауда қолданылған. Күні бүгінге дейін жылқылар қолға кеш үйретілген деген пікірлер айтылды. Қоныстың материалдарымен әлемнің барлық ғылымдары қызыға бастады. Ботай жылқысын зерттеп білуге Солтүстік Қазақстан облысына Новосібір, Мәскеу, Англия, Германия ғалымдары келді. Көптеген ғалымдар ортақ пікірге сүйенді, яғни Ботай қонысы Еуразия даласында мал шаруашылығы орталығы болған.

Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Виктор Зайберт Англияның Кембридж университетіне Ботай қонысы бойынша лекция өткізуге шақырылған. Ғалымдар Ботайды 28 жыл бойы зерттеді. Оншақты мақала жазылып, кітаптар басылды.

Ботай мәдениетінің қалыптасуына Атбасар неолиттік мәдениетін жасаған тайпалары араласқан. Ботай мәдениеті Ертіс пен Жайық өзендері аралығын мекен еткен тайпалар мәдениетіне жатады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Ботай мәдениетін зерттеу одан әрі жалғас-тырылды. Шетелдік ғалымдарды Ботайдың біздің заманымыздан төрт-бес мың жыл бұрынғы тарихи дәуірдің мәдени мұрасы болып табылатыны өте-мөте қызықтырды.

Америкалық оқымысты Д.Энтонидің «қазіргі заманның ғалымдары әлемдік тарихтың көптеген сауалдарына жауапты Ботайдан табады» деген салиқалы пікірі кері тартушыларға тоқтау салды.

Кембридж университетінің профессоры М.Левина бастаған ғалымдар ғылыми-зерттеу экспедициясын ұйымдастырды. Би-Би-Си телекомпаниясы ерте дәуір адамдарының өмірі, олардың тыныс-тіршілігінің бөлінбес бір бөлігіне айналған жылқы жайлы телехабарлар түсірді. В.Зайберт Корольдік ғылым академиясының шақыруымен Лондонға барып, Белфаст, Оксфорд, Эдинбург секілді беделді университеттерде дала өркениеттері жайында дәріс оқыды. Кембридж археологиялық мұражайында Ботай мәдениеті туралы көрме ұйымдастырылып, әлемдік архео-логияның үздігі деп танылды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясында да біраз шаруалар тындырылды. Көкшетау ұлттық паркінің бастамасымен бұл мекенде тарихи-археологиялық қорық ұйымдастырылды. 1,5 гектар ай-мақты алып жатқан қалашық айнала қоршалып, 158 үйдің орны қазылып, қал-пына келтірілді.

Олар қабырғалары бір-біріне жалғастыра салынған бірнеше тұйықталған бөліктерден тұрады. Мұндай томаға-тұйық жоспарланған орындарға жататын құрылыстар 30-ға тақау. Олардың ішінен белгілі бір жүйемен ені 4-8 метр, ал ұзындығы 50 метрге дейін жететін қазқатар көшелердің екі жағына кейде 15-16 үйден салынған.

Шаруашылық құралдары да көз қызықтырарлық. Көбіне алуан түрлі тастан, саз балшықтан, сүйектен жасалғаны бірден байқалады. Ал, құрал-саймандарға қарап шаруашылықтың күрделі болғанын аңғаруға болады.

Тас тоқпақтар, пышақтар, қанжарлар, сүңгілер, найзалардың ұштары, тағы аңдар, шанышқылар балық аулауға, жүгеннің сүйек тетіктер мен ілгектері жылқы ұстауға арналғанын болжау қиын емес.

Тұрғын үйлер салу кезінде балға, шот, қашау, кескіш, қырғыш секілді ағаш өңдейтін аспаптар молынан пайдаланылған. Қосалқы саймандар арасында шой бал-ғалар, түрпілер, шақпақтастан жасалған бұрғылар жиі кездеседі.

Тері өңдеу ісінің, керамика өндірісінің, тігіншіліктің жолға қойылғанын айғақтайтын заттар жеткілікті. Орасан зор мөлшердегі остеологиялық материалдардың басым көпшілігіне жылқы сүйектері жұмсалған. Жерлеу ғұрпына байланысты бірқатар символдық заттар тотемизмнің, бабаларға табыну дәстүрінің болғанын көрсетеді.

Адам тіршілігіне қолайлы тұрғылықты орта қалыптастыру мәселесімен қатар, Қазақстандағы туризмді дамытуға бағытталған мақсаттар іске асады, қоғамның тарихи және материалды емес құндылықтарға қарым-қатынасын бекіте түседі.

Қолданылған әдебиет

1. Зайберт В.Ф., Тюлебаев А.Ж., Кулаков Ю.В., Задорожный А.В. Тайны древней степи. – Кокшетау, 2007. – С. 163
2. Ботай – өркениеттің көне мекені. (<http://egemen.kz/2014/01/01/14426>)

УДК 747.012

ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ МЕТОДОВ РАЗРАБОТКИ РЕКЛАМНОГО ПЛАКАТА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ СТИЛЕЙ

Мукашева Анель Салимгереевна

anel_-89@mail.ru

Магистрант кафедры «Дизайн», АСФ, ЕНУ им.Л. Н. Гумилева
Научный руководитель – к.п.н., доцент Бегимбай К.М.

Для современного дизайна рекламная графика выступает как относительно новый объект проектной деятельности и теоретических исследований. Ее информационная роль в процессе производства материальных ценностей трансформировалась в развитую систему